

*Н.И. Маханов *¹, Ш.Ж. Нартбаев², Ж.М. Исенғалиева³*

¹ PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы,
E-mail: nur_zhan-02n@mail.ru

² т.ғ.к., доцент, А. Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы Университеті,
Шымкент, Қазақстан Республикасы, E-mail: info@udn.edu.kz

³ т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан Республикасы,
E-mail: info@auезov.edu.kz

МҰРАЖАЙЛАРДЫҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТАРИХИ САНАҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты – бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты мұражайлардың өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесіндегі ағартушылық қызметіне баға беру болып табылады. Еліміздегі мұражайлардың басым шоғырланған аймақтарының бірі Түркістан облысы екендігі сөзсіз. Мақаланың мақсаттарының бірі Түркістан облысындағы мұражайлардың жастарды тарихи санаға тәрбиелеудегі ролін ғылыми айқындауға арналған. Қазіргі таңда мұражайлар тек тарихи жәдігерлер мен құнды ескерткіштерді сақтап қоятын ғана орын емес қоғамды рухани тәрбиеге шақыратын орталық та болып саналады. Бұны батыс елдерінің тәжірибесі жан-жақты көрсетуде.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі мұражайлардың қоғамдық және мемлекеттік органдармен байланыстарының әлеуметтік-мәдени аспектілерін ашу болып табылады. Әсіресе, мұражайлардың білім мекемелерімен қарым-қатынастарының нәтижелерін талдау және баға беру маңызға ие. Бұл тұрғыда мұражайлардың жастардың қызығушылығын оята білетін технологиялармен жабдықталуына мән берілді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі мемлекеттің болашағы жастардың тарихи-мәдени санасының деңгейін зерттеумен өлшенеді. Жаһандық даму заңдылығында мектеп оқушыларының әлеуметтік желілер арқылы түрлі моралдық-психологиялық қысымдарға ұшырап жататандығы белгілі. Оның алдын-алу және күресу тарихи-мәдени сананы жаңғырту негізінде іске асатындығын белді ғалымдар ұсынып отыр. Осыған орай, бұл зерттеу жұмысында мұражайлардың қоғамдық тарихи сананы ояту мен ілгерілетудегі өзектілігіне жан-жақты пайымдар айқындалған.

Зерттеудің нәтижесінде мұражайлардың жастармен тікелей қатынастарының мәні мен салдарларына көз жүгірте аламыз. Осы бағытта статистикалық мәліметтерге жүгініп, оның өсу көрсеткіштерін талқылауға талпыныстар жасалынды.

Кілт сөздер: мұражай, тарихи сана, оқушылар, тарихшылар, тарихи қалалар, тарихи ескерткіштер, Түркістан облысы

*Н.И. Маханов *¹, Ш.Ж. Нартбаев², Ж.М. Исенғалиева³*

¹ PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Республика Казахстан,
E-mail: nur_zhan-02n@mail.ru

² к.и.н., доцент, Университет Дружбы народов имени А. Қуатбекова, Шымкент, Республика
Казахстан, E-mail: info@udn.edu.kz

³ к.и.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.О. Ауэзова,
Шымкент, Республика Казахстан, E-mail: info@auезov.edu.kz

ОСОБЕННОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МУЗЕЕВ В ВОСПИТАНИИ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ: НА ПРИМЕРЕ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

Цель статьи - основной целью данной исследовательской работы является оценка просветительской деятельности музеев в духовном воспитании подрастающего поколения. Несомненно, одним из приоритетных районов концентрации музеев в стране является Туркестанская область. Одна из целей статьи посвящена научному определению роли музеев Туркестанской области в воспитании молодежи в историческом сознании. В настоящее время музеи являются не только местом хранения исторических

артефактов и ценных памятников, но и центром духовного воспитания общества. Об этом свидетельствует опыт западных стран.

Одной из задач исследовательской работы является раскрытие социокультурных аспектов связей музеев с общественными и государственными органами. Особенно важно проанализировать и оценить результаты взаимоотношений музеев с образовательными учреждениями. В этом контексте особое внимание уделялось оснащению музеев технологиями, способными заинтересовать молодежь.

Актуальность исследовательской работы заключается в том, что будущее государства измеряется изучением уровня историко-культурного сознания молодежи. Известно, что в модели глобального развития школьники подвергаются различным морально-психологическим домогательствам через социальные сети. Его профилактика и борьба будут осуществляться на основе модернизации историко-культурного сознания. В этой связи, в данной исследовательской работе определены всесторонние подходы к актуальности музеев в пробуждении и продвижении общественного исторического сознания.

В результате исследования мы можем взглянуть на сущность и последствия непосредственных отношений музеев с молодежью. В этом направлении были предприняты попытки обратиться к статистическим данным и обсудить показатели его роста.

Ключевые слова: музей, историческое сознание, школьники, историки, исторические города, исторические памятники, Туркестанская область

*N.I. Makhanov *¹, Sh. Zh. Nartbayev², J.M. Isengalieva³*

*¹ PhD doctoral student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan,
E-mail: nur_zhan-02n@mail.ru*

*² Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
Peoples' Friendship University named after A. Kuatbekov, Shymkent, Republic of Kazakhstan,
E-mail: info@udn.edu.kz*

*³ Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, M.O. Auezov South Kazakhstan State University,
Shymkent, Republic of Kazakhstan, E-mail: info@aeuzov.edu.kz*

THE PECULIARITIES OF THE ACTIVITY OF MUSEUMS IN THE EDUCATION OF THE HISTORICAL CONSCIOUSNESS OF SCHOOLCHILDREN: ON THE EXAMPLE OF THE TURKESTAN REGION

Abstract

The purpose of the article - the main purpose of this research work is to evaluate the educational activities of museums in the spiritual education of the younger generation. Undoubtedly, one of the priority areas of concentration of museums in the country is the Turkestan region.

One of the objectives of the article is devoted to the scientific definition of the role of museums in the Turkestan region in educating young people in historical consciousness. Nowadays, museums are not only a place for storing historical artifacts and valuable monuments, but also a center for the spiritual education of society. This is evidenced by the experience of Western countries. One of the objectives of the research work is to reveal the socio-cultural aspects of the relations of museums with public and state bodies. It is especially important to analyze and evaluate the results of the relationship between museums and educational institutions. In this context, special attention was paid to equipping museums with technologies that can interest young people.

The relevance of the research work lies in the fact that the future of the state is measured by studying the level of historical and cultural consciousness of young people. It is known that in the global development model, schoolchildren are subjected to various moral and psychological harassment through social networks. Its prevention and control will be carried out on the basis of modernization of historical and cultural consciousness. In this regard, this research paper identifies comprehensive approaches to the relevance of museums in awakening and promoting public historical consciousness.

As a result of the research, we can look at the essence and consequences of museums' direct relations with young people. In this direction, attempts have been made to refer to statistical data and discuss the indicators of its growth.

Keywords: museum, historical consciousness, schoolchildren, historians, historical cities, historical monuments, Turkestan region

Кіріспе.

Тарихи сана кез-келген ұлттың болашағының мызғымастығы мен қазіргі күнінің жетістігін айқындайтын факторлардың бірі. Қазақстанда бүгінгі таңда тарихи сана мен мұраны жаңғырту бойынша игілікті істеп атқарылып жатыр. Ортағасырлардағы қазақ халқының саяси-мәдени даму құндылықтары Қазақстан тарихының қазіргі теориялық мәселелерінің басты тақырыбына айналып отыр. Мектеп оқулықтары мен ЖОО-да тарихты оқытудың моделі өзгерістерге ұшырауда. Әсіресе, орта білім жүйесінде оқушылардың тарихи-рухани дүниесін дамыту жұмыстары басты назарға алынуда. Мектеп оқушыларының бойында тарихи сананы қалыптастыру бүгінгі таңдағы білім бағдарламаларының басты міндеттерінің қатарына кіреді. Тарихи сананы қалыптастыру түрлі әдістер мен жобалар аясында жүзеге асатындығы белгілі. Оның бірі музейлерге саяхат жасау және одан белгілі бір ой қалыптастыру болып табылады. Музей қызметінің білім ұйымдарымен тығыз ынтымақтаса жұмыс жасауы маңызды басымдыққа ие. Музейлер мен мектеп мекемелерінің арасындағы ғылыми-танымдық жұмыстарды жүйеге келтіру және оны тиімді мақсатта жүзеге асыру бүгінгі білім бағдарламаларының негізгі бағыттарының біріне айналуы тиіс деп есептейміз.

Тарихи сананы жас ұрпақтың бойында дамыту ең алдымен оған тұлға құбылысы ретінде қарым-қатынас жасаудан туындайтындығы сөзсіз. Яғни бізге болашақ тұлғаның іс-әрекетіне баға беруімізге тура келеді. Тұлға - бұл қоғамдық-тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті - бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адамның мінездемесі үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез-кұлық пен іс-әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Бұл көзқарас зерттеушілердің көпшілігіне негіз болып қаланды. Алайда, көптеген авторлар тұлға бағыттылығының мазмұнын (мотивтер мен қажеттіліктер, ұмтылу мен талаптану, бағдар және т.б.) түрліше қарастырады. Сонымен тұлға – бұл біріншіден, әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Екіншіден, бұл индивидтің жүйелі қасиеті, оның қоғамдық қатынасқа енуімен анықталып және де біріккен әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасып отырады. Психология мен социология арасында тұлғаға байланысты бірыңғай көзқарастардың болмаған-дағынан 300 астам анықтамалар жүзеге асуда. Тұлғаның анықтамасы сияқты оның құрылымдарында да біртұтас. Алайда, көптеген авторлар тұлға бағыттылығының мазмұнын (мотивтер мен қажеттіліктер, ұмтылу мен талаптану, бағдар және т.б.) түрліше қарастырады. Белгілі зерттеуші С.Виготскийдің пікірі бойынша, адамның тұлғасы өзінің енген қарым-қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды.

Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті, оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар.

Тұлғатанумен айналысып жүрген зерттеуші ол – шындықты тани алуы, айта алуы, оны халыққа жеткізе алуы арқылы қоғамға қызмет жасайды. Ал жеке басының шамшылдығы мен жеке топтың мүддесін ғылымының мұраттарынан жоғары қойған ғалымның азаматтық пайым-парасатының кемелдігі күмән тудырады. Оқиға, құбылыс дегендер салыстырумен бағаланады.

Материалдар.

Мақалада газет-журнал материалдары мен мемлекеттік органдардың статистикалық мәліметтері кеңінен пайдаланылды. Ғылымның технология жетістіктеріне тәуелділігін ескере отырып біздің зерттеу жұмысында интернет ресурстарының материалдары кеңінен қолданылды.

Әдіснама.

Мақалада тарих және әлеуметтік пәндердің әдістері кең қолданылды. Тарихи-салыстырмалы талдау, кезеңдеу, топтау және жүйелей әдістері басты назарда болды. Қазақстанның түрлі аймақтарындағы мектептерде қызмет атқарушы тарихи-туристік клубтардың статистикалық нәтижелерінің айырмашы-лығын айқындауда салыстырмалы-талдау әдісі пайдаланылды. Оқушылардың тарихи-туристік турлар аясында қандай тарихи-мәдени ескерткіштер түрлеріне қызығушылығын айқындауға типология әдісі көмектесті. Типология әдісі арқылы тарихи-мәдени нысандарды тартымдылық дәрежесі бойынша категорияларға бөлдік. Мектеп оқушыларының тарихи-туристік турларға қатысу белсенділігін анықтауда анкета, статистикалық әдістер іске қосылды. Мектептің оқу бағдарламаларындағы тарихи туризмді дамытуға бағытталған тиіптік жоспардағы сабақтардың теориялық-практикалық мәнін бағалауда контент-анализ әдісі жәрдемін тигізді. Бұл тақырыпты зерттеуде педагогика, тарих, психология ғылымдарының әдістерін кеңінен пайдалануға болады. Мысалы, дедукция және индукция әдістерінің көмегімен белгілі бір оқушы немесе топ туралы жалпы қортынды жасауға болады. Бұл әдістерді біз зерттеу барысында ұтымты қолдануға тырыстық. Мысалы, дедукция әдісінің көмегімен белгілі бір оқушының тарихи нысанға қатысты көзқарасын зерттей отырып, ол оқушыны айналысы туралы жалпылама пайым жасауға болатындығына көз

жеткіздік. Сондай-ақ, топқа эксперименттік жұмыстарды жүргізе отырып, жекелеген оқушылардың тарихи нысанға немесе құбылысқа қатысты ойын түсінуге ұмтылды.

Нәтижелер.

Қазақстанның оңтүстік аймағы ежелге тарихи қалалар мен сакралды нысандарға толып болып саналады. Оңтүстік Қазақстан аймағында бірнеше облыстың шоғырланғандығы ескере отырып, соның ішінде Түркістан облысының тарихи ерекшелігін атап өту қажет. Түркістан облысында ежелгі және ортағасырлық мемлекеттердің тарихында үлкен рөл ойнаған қалалардың орындары жайғасқан. Олардың арасында басым көпшілігінің тіршілігі мен атаулары қала ретінде өмір сүріп келеді. Мысалы, Сайрам, Түркістан қалаларының орнында әлі күнге дейін қалалық тіршіліктің ізі жалғасып келеді. Сонымен қатар, қорғаны жақсы сақталынған Сауран қаласының визуалды әсері ерекше мәнге ие. Шыңғысханның Орталық Азияға жорығымен жарқын есте қалған Отырар қаласының аңызы мен тарихи құбылыстары тарихымызда жақсы сақталынған. Осы жоғарыда аталған фактілер мен аргументтер Түркістан облысының тарихи-сакралды ошақтарға толы екендігін айқындайды.

Түркістан облысы өзінің халық саны жөнінен елімізде алдыңғы өңірге жатады. Бұл өңірде мектеп оқушыларының саны 511 158 оқушыны құрайды. Ал мектеп саны 983 [1, 69]. Қазіргі ғылым оқушылардың рационалды ғылымдармен қатар, тарихи-рухани ілімдерді де сапалы игерулерінің маңыздылығын алға тартады. Тарихи-рухани ілімдерді жас ұрпақтың бойына жүйелі және тиімді әдістермен сіңіру ол қоғамның ынтымақтастығын жылжытатын факторлардың бірі екендігі түсінеміз.

Тарихи-рухани мәліметтерді оқушылардың санасын жеткізу 2 түрлі тәсілмен жүзеге асады: 1. Теориялық. 2. Материалдық. Теориялық тұрғыда ақпаратты жеткізу ол оқулықтар мен сабақ барысындағы талқылаулар арқылы іске асатындығы сөзсіз. Ал, материалдық түрде ақпаратты құю ол визуалды формада жүзеге асады. Бұл ретте біздің зерттеп отырған Түркістан облысының тарихи нысандарының оқушыларға ұсынатын мүмкіндігі өте зор. Кез-келген қала мен ауылдардың жақын маңында ежелгі қала қоныстары мен музейлері орналасқан. Оларға тарихи турларды ұйымастыру және рухани сезімге енгізу педагогтың ғылыми шеберлігіне байланысты болып табылады.

Педагог тарихи турларды оқушыларға ұйымдастыру барысында тарихи нысан туралы нақты фактілермен қатар, аңыз-әңгімелерді жоғары деңгейде білуі тиіс. Сонымен қатар, оқушылардың кез-келгенімен жекелей ауызша немесе әрекеттер арқылы жұмыстарды атқара білуі маңызды саналады. Бұны біз зерттеулер барысында айқын көз жеткіздік. Себебі, материалдық дүниелермен жұмыс барысында қимыл-қозғалыстар арқылы оқушының тарихи жәдігермен тікелей байланыс орнатуы құнды болып табылады. Бұл оқушының тарихи санасына апаратын ақпараттардың материалдануына апарып соғатындығы сөзсіз.

Біздің зерттеу жұмысымыз Түркістан облысының Отырар-Қаратау-Сырдария оазистеріндегі ежелгі қалалар мен сакралды нысандарына оқушылардың турларын ұйымдастыру және эксперименттік нәтижелерге қол жеткізу мақсатын қойды. Осы мақсатта, қаңлы мемлекетінің дәуірінен қалған тарихи орындарға турлар ұйымдастырылды. Сонымен бірге, Қаратау жоталарында орналасқан «Ақмешіт» үңгірі-не скаралды турды іске асырудың сәті түсті. Ұлы ғалым Әл-Фараби дүниеге келген Отырар қаласына тарихи саяхат жасалды және ғалымның өмірі мен шығармашылығына дидактикалық баға берілді. Бұл жұмыстар оқушылардың бойынша патриоттық, ұлтжандылық және кейіпкерге еліктеу сезімдерін оятқандығы шүбәсіз. Бұл атқарылған ғылыми әрекеттердің практикалық маңызының зор болғандығы атап көту қажет. Оқушылардың тарих, география, өлкетану пәндеріне деген қызығушылықтары одан әрмен ояна түскендігіне көз жеткіздік. Бұл практикалық сабақтар барысында сыныптың барлық оқушыларының белсенділігі артты және саналары қозғалды.

Соңғы жылдары Қазақстанда туристік индустрия саласы бірнеше санаттарға бөлінді және өзінің көлемін ұлғайтты. Агротуризм, іскерлік туризм, тарихи туризм салалары жылдан-жылға даму үстінде. Тарихи туризм бағытын даму әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік рухани-идеологиялық аспекті-лер тұрғысынан тиімді болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанда тарихи туризмді қалыптастыру және дамыту мәселесі мемлекеттік бағдарламаларда маңызды вектор ретінде қабылданды. Оның бір көрінісі 2017 жылы «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында мектеп жүйесінде «Өлкетану» пәнінің енгізілуін атауға болады. Қазақстанның мектептерінде тарихи-мәдени танымды арттыратын туристік клубтар құрыла бастады.

Тарихи туризм қызметін дамыту 3 басты нәтижеге қол жеткізеді деп санаймыз: 1. Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасын әлемдік және ішкі туризм кеңістіктерінде кең насихаттауға жол табамыз. 2. Туристік индустрияның нарқын әртараптандырады және әлеуетін жоғарылатады. 3. Мектеп оқушылары мен қоғамды рухани-патриоттық тәрбиелеуге шақырады.

Тарихи туризмді мектеп саласына енгізу және одан әрі қолдаудың шаралары Қазақстанның шығысындағы Түркістан, Арыс қалаларындағы білім мекемелерінде ерте жолға қойылды. Себебі,

аталған аймақтың территориясы тарихи-мәдени туристік нысандарға бай болып табылады. Домалак Ана, Әзірет Сұлтан кесенесі т.б. табиғи-тарихи нысандар туристердің қызығушылығын оятады.

Түркістан қаласындағы №15 мектеп оқушылары ұйымдастырған тарихи туристік «Отырар» клубының басты мақсаты оқушылардың бойындағы патриоттық сезімді дамыту мен тарихи-мәдени танымын арттыруға бағытталған. Клубтың ұйымдасуына мектеп қалалық білім басқармасы, мектеп жетекшілігі мен педагогтар ұжымы үлкен мүдде танытты. «Отырар» клубының іс-шаралар жоспары басым түрде мектептің тарих, өлкетану пәндерінің сабақ кестесіне сәйкес құрастырылған. Себебі, клубтың жоспарындағы тарихи туристік іс-сапарлары тарих, өлкетану пәндерінің мұғалімдерінің бақылауында жүзеге асады және аталған пәндердің практикалық маңызын арттыруды көздейді. Клубтың мүшелілігіне 5 сыныптан 11 сыныпқа дейінгі барлық оқушылары қабылданған. Яғни, 5 сыныптан бастап оқытыла-тын тарих пәндерінің типтік жоспарына сай ұйымдастырылған.

«Отырар» клубы 2018 жылдан бастап қызмет атқарады. Осы уақыттан бері клуб Түркістан аймағындағы көптеген тарихи-мәдени нысандарға турлар ұйымдастырды. Турлар аясында тарихи-мәдени танымдық сайыстар, мектеп оқушыларының театралдық қойылымдары, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Іс-шараларға университет оқытушы-профессорлары, қалалалық әкімшіліктің мәдениет бөлімінің қызметкерлері, қоғам қайраткерлері қатынасты. 2021-2023 жылдардағы клубтың жоспары бойынша жүзеге асырылған іс-шаралардың бағыттары мен мазмұны төмендегі кестеде көрініс тапқан (кесте 1).

Кесте 1: «Отырар» тарихи туристік оқушылар клубының 2021-2023 жылдардағы іске асырған іс-шараларының бағыттары мен патриоттық-тәрбиелік мазмұндары

№	Іс-шара атаулары және мерзімі	Қатысушылар саны	Тарихи туристік барған нысандар	Іс-шараның мазмұны
1	«Ұлы ғалым Әл-Фарабиге тағзым», 2023 жыл	81	Отырар	Қазақ халқының ұлы ойшылы Әл Фарабидің туған жеріне тарихи танымдық саяхат. Оқушылар ұлы ғалымның еңбектерін оқудан және түсініктеме беруден жарыс ұйымдастырды.
2	«Сақралды тур», 2023	102		«Ақмешіт» үңгіріне саяхат. Саяхаттан соң Қаратаудағы қаасиетті үңгірге саяхат және үңгірдің емдік-киелі ерекшеліктері мен тарихы туралы Қазақстан тарихы пәнінде эссе жазу.
3	«2000 жылдық тарихқа саяхат» 2023	97		1800-2000 жыл бұрын салынған ежелгі қаңлы тайпаларының «Ақтөбе» аңғарына тарихи тур. Оқушылар археологтармен сұқбаттар жүргізді және 2000 жыл бұрынғы қаңлы тайпаларының керамика ескеркіштерінің құпияларымен бөлісті. Тур нәтижесінде газетке 3 оқушы

				бірлесіп танымдық мақала жазды.
4	«Көк-мардан» мәдениетіне саяхат, 2023	74		Оқушылар Көк-Мардан қорымдарынан табылған жәдігерлердің тарихымен танысты. Археолог мамандығының ерекшеліктерін білді. Саяхат туралы әлеуметтік желілерде (инстаграм, фейсбук) оқушылар арасында үздік пост челленджи ұйымдастырылды.
5	«Ежелгі обсерваториямен танысу», 2023 жыл наурыз	86		«Қауыншы» мәдениетінің орталығы Қаратау, Арыс өңіріндегі тарихи төбелерге ғылыми мақсаттағы саяхат. Ежелгі қазақтардың астрономиялық білімімен жан-жақты танысу. Республикалық оқушылардың ғылыми олимпиадасына 1 ғылыми жобаны ұсыну.

Жоғарыда аталған тарихи туристік турлардың барлығы өлкетану, тарих, география пәндерінің мұғалімдерінің тікелей қатысуымен іске асты. Біздің жүргізген зерттеу қорытындылары бойынша «Отырар» тарихи туристік клубының іс-шаралары 3 түрлі нәтижеге қолжеткізуге мүмкіндік ашты: 1. Оқушылардың бойында тарихи-рухани құндылықтарға құрмет мен патриоттық сезім қалыптастырады. 2. Бітіруші сынып оқушыларының археолог, тарихшы, өнертанушы секілді гуманитарлық мамандықтарға деген қызығушылығын оятады. 3. Мектеп жүйесіндегі Қазақстан тарихы, өлкетану, география сабақтарындағы оқушылардың үлгеріміне оң әсер етеді.

Жоғарыда көрсетілген аргументтерді біз эксперименттік жұмыстар жүргізудің нәтижесінде ұсынып отырмыз. 1. 2019 жылы клуб ұйымдастырған «Сакралды тур» саяхатынан соң мектептің 5-11 сынып оқушылары арасында тур тақырыбы бойынша эссе жазу конкурсы ұйымдастырылды. Сайысқа турға қатысқан және қатыспаған оқушылардың барлығы тартылды. Конкурс нәтижесінде 1, 2, 3 орын иегерлері анықталынды. Осы тұста атап өту керек алғашқы 10 үздік эссе иегерлерінің барлығы да аталға турға қатысушылар болып табылған. Тур оқушылардың тарихи-мәдени санасы мен танымдық деңгейіне үлкен әсер еткен. Алғашқы орындарды иеленген эссе оқушылары өздерінің шығармашылық жұмыстарында туған жерге құрмет, тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау мен насихаттаудың жолдары бойынша ашық ойларын білдірген. Сонымен қатар оқушылар жаһандық дәуірдегі ақпараттық-технологиялық үндеулерге жастардың тәуелді болмауына тарихи турлардың тигізетін ықпалының жоғары екендігін білдірген. Төмендегі кестеде эссе конкурсындағы алғашқы орындарды иеленген жұмыстардың мазмұны көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2: Эссе конкурсындағы үздік жұмыстардың тақырыптары мен тарихи-патриоттық мәні


№	Эссе тақырыбы	Эссенің конкурстағы жетістік дәрежесі	Эссенің тарихи-патриоттық мәні
1	«Сакралды орындардың XXI ғасырдағы оқушы санасына оң әсері»	1 орын	Тарихи-мәдени киелі орындармен танысудың глобалды дәуірдегі оқушы санасына емдік қасиет

			регінде әсер ететіндігі талқыланған.
2	«Киелі ландшафт және оқушы»	2 орын	Сакралды әлемнің қазіргі адамдардың жандүниесі үшін қосымша энергия көзі қызметін атқаратындығын көрсеткен. Одан үнемі қуат алып тұру күнделікті азықтанумен бірдей екендігін қорытындылаған.
3	«Туған жердің киелі күштері және мен»	3 орын	Туған жерде орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерге тұрақты саяхат жасау, жастардың адамгершілік, патриоттық миссияларының дұрыс бағытта дамуына жол ашады.

Жоғарыда аталған тақырыптар оқушылардың интеллектуалдық-шығармашылық жұмыстарға біршама күш жұмсағандығын нақтылайды. Үздік эссе иегерлерінің 70% жуығы тарихи туристік турдың оқушы рухы мен санасына патриоттық-тәрбиелік тұрғыдан оң әсер еткендігін атап өткен. Эсселердің мазмұнын бағалай отырып, оқушылардың тарихи турлар барысында туған өлкесінің тарихи орындары мен тұлғаларына деген құрметінің, ізденісінің артқандығына көз жеткіземіз. Оқушылар өздері өмір сүріп жатқан аймақтың тарихи-мәдени құндылықтарының мол екендігін түсіне бастаған. Бұл ХХІ ғасырдағы оқушы-педагог қарым-қатынасының ірі табыстарының бірі екендігі сөзсіз.

2. Жоғарыдағы аргументтерде біз тарихи турлардың бітіруші сынып оқушыларының мамандық таңдау ойына ықпал ететіндігін атап өткен болатынбыз. «Отырар» клубының 2022 жылғы наурыз айында ұйымдастырған соңғы тарихи турынан (Ежелгі обсерваториямен танысу) соң біз 9-11 сыныптардың 69 оқушысы арасында мамандық таңдау ойлары бойынша анкета жүргізілген болатын. Анкетада гуманитарлық мамандықтардың үлесі мен оларды таңдауға әсер етуші себептерді көрсету ұсынылды. Анкета нәтижелері төмендегі диаграммада (1 сурет) көрініс тапқан.

Сурет 1. Мектептің бітіруші сынып оқушыларының таңдаған мамандықтарындағы гуманитарлық мамандықтардың үлесі (жалпы 69 оқушы)



Анкетаға қатысқан 69 оқушының 39-жаратылыстану, 23-әлеуметтік, 7-гуманитарлық мамандықтарды таңдағандығына көз жеткіздік. Тарихи туризм саласының жалпы гуманитарлық мамандық иелерімен тығыз байланысты екендігі түсінікті факт. Себебі, тарихи туризмнің негізгі нысандарының қызметкерлері саналатын археолог, тарихшы, экскурсовод, этнографтар гуманитарлық мамандықтың санатына жатады. Осыған байланысты гуманитарлық мамандықтарды таңдаған 7 оқушының анкетасын талдау жасай отырып, олардың гуманитарлық мамандықтарға қызығушылығының себептерін анықтай алдық. Бұл төмендегі кестеде (кесте-3) көрініс тапқан.

Кесте-3: Анкета бойынша гуманитарлық мамандықтарды таңдаған оқушылардың (7) басты мотивтері

№	Мамандық түрлері	Оқушы саны	Себептері
1	Археолог	2	Тарихи турлардағы археологтармен сұқбаттар
2	Тарихшы	3	Тарихи турлар мен тарихи фильмдер, кітаптардың әсерінен
3	Философия	1	Философиялық кітаптар мен афоризмдер
4	Мәдениеттанушы	1	Ұлттық мәдени құндылықтарды жақсы көру және оларды әлемге таныту

Жоғарыдағы кестедегі гумаитарлық мамандықтарды таңдаған 7 бітіруші сынып оқушыларының жауаптарына баға бере отырып, олардың бесеуінің (71%) тарихшы, археолог секілді сирек таңдалынатын мамандықтарға ауысуларына, тарихи турлардың ықпалының жоғары болғандығына көз жеткіземіз.

Бұл тарихи туристік клубтың жасаған жұмыстарының тамаша жетістіктерінің бірі деп санауға болады. Себебі, қазіргі ақпараттық-технологиялық жетістіктер үстемдік құрушы қоғамда гуманитарлық мамандықтарға қызығушылықтың төмендеп кеткендігі жаңалық емес. Жылдан-жылға гуманитарлық мамандықтарды таңдаушы бітіруші сынып оқушыларының саны азайып келе жатыр. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанда мектеп бітірген 81 мыңға жуық түлектердің 4% ғана гуманитарлық мамандықтарды таңдаған. Оның ішінде, лингвист, тарих, мәдениеттану мамандықтары басым орын алған. Гуманитарлық мамандықтарға деген сұраныстың қатты құлдырауы, болашақта қоғамда рухани-мәдени дағдарысты туғызатын құбылысқа алып келуі мүмкін. Себебі, мемлекеттік идеология мен рухани жаңғырулардың басым бөлігі гуманитарлық мамандық иелерінің қызметімен жүзеге асатындығы белгілі. Осыны ескере отырып, гуманитарлық мамандықтарға деген оқушылардың қызығушылығын практикалық жұмыстармен арттыруға болатындығын болжаймыз.

3. Тарихи-мәдени турлардың оқушылардың белгілі пәндер бойынша үлгеріміне оң әсер ететіндігін жоғарыда атап өттік. Бұл болжамамыз 2022 жылғы сәуір айында «Отырар» клубы қызмет атақаратын №3 мектепте сауалнама және салыстырмалы-анализ, синтез әдістерін жүргізген соң одан әрі айқындалды. 2022 жыл наурыз айында клуб 86 оқушының қатысуымен «Ежелгі обсерваториямен танысу» атты тарихи-мәдени танымдық туры ұйымдастырды. Бұл турға мектептің 8^а сынып оқушылары толық қатынасты. Осыған орай, 8^а сынып оқушыларының Қазақстан тарихы, география, өлкетану пәндері бойынша үлгерімдерінің турға дейінгі және турдан соңғы үлгерімдеріне салыстырмалы-талдау жұмыстары қолданылды.

8^а сыныпта жалпы 24 оқушы білім алады. Турға дейін оқушылардың Қазақстан тарихы, география, өлкетану сабақтары бойынша үлгерім деңгейлері төмендегі кестеде (4 кесте) көрініс тапқан.

4 кесте: Оқушылардың (24) музей турға дейінгі Қазақстан тарихы, география, өлкетану пәндері бойынша үлгерім деңгейлері

№	Пәндер	Өте жақсы	Жақсы	Орташа
1	Қазақстан тарихы	4	9	11
2	Өлкетану	5	11	8
3	География	3	8	13
Жалпы коэффициенті		50%	85%	75%

Жоғарыдағы кестедегі мәліметтерге анализ жасай отырып, «өте жақсы» көрсеткіш үлгеріміне ие оқушылардың санының жалпы коэффициентінің аз екендігін көреміз. Қазақстан тарихы пәні бойынша «өте жақсы» үлгерімі жалпы оқушылардың үлгерімінде 16%, өлкетану 20%, география пәні бойынша 12,5% құрайды. «Жақсы» үлгерімі «өте жақсыға» қарағанда орташа 50% көрсеткішке ие. «Орташа» үлгерім сыныптың тең жартысын құрайды. Бұл оқушылардың аталған пәндерге деген қызығушылығының төмен екендігін анықтайды. Оқушыларды аталған пәндер бойынша төмен үлгеріміне ынталандырудың төмендегі, визуалдық қызығушылықтың жетіспеушілігі, оқулықтардағы мәліметтердің күрделілігі әсер етуі мүмкін. Бған олардың анкетадағы жауаптары себеп болды. Оқушылардың 70% жуығы оқулықтардың күрделілігі, мұғаліммен дұрыс емес қарым-қатынас, практикалық жұмыстардың жолға қойылауы факторларын алға тартқан.

«Ақтөбе» тарихи-мәдени танымдық турынан екі ай өткен соң мамыр айының соңында біз 8^а сыныбының үлгеріміне анкета, салыстырмалы-анализ, синтез жұмыстарын жүргіздік. Эксперименттік

жұмыс нәтижелері оқушылардың гуманитарлық-әлеуметтік пәндер бойынша үлгерімдерінің жақсарғандығын көрсетті (кесте 5).

Кесте 5: Оқушылардың (24) тарихи турдан соңғы Қазақстан тарихы, география, өлкетану пәндері бойынша үлгерім деңгейлері

№	Пәндер	Өте жақсы	Жақсы	Орташа
1	Қазақстан тарихы	5 (20%)	11 (45%)	8 (33%)
2	Өлкетану	7 (29%)	12 (50%)	5 (20%)
3	География	5 (20%)	10 (41%)	9 (37%)
Жалпы коэффициенті		70%	72%	95%

Жоғарыда кестеде анықталынған талдау нәтижелері тарихи-мәдени турдан соңғы оқушылардың оқу үлгерімдерінің ұлғайғандығын көрсетеді. Әсіресе өлкетану пәні бойынша «өте жақсы» үлгерімі 20%-29% дейін өскен. Бұл біздің ойымызша жоғары нәтижені құрайды. Оқушылардың арасында 3 пән бойынша оқу үлгерімдерінің 4 жартыжылдықтағы артуына қандай себептер әсер етті деген тақырыпта анкеталық жұмыстар жүргізілді. Анкета нәтижелері кестеде (6 кесте) көрініс тапқан.

6 кесте: Оқушылардың Қазақстан тарихы, география, өлкетану пәндері бойынша үлгерімдерінің 4 жартыжылдықтағы арту себептерін анықтау бойынша анкета нәтижелері

№	Оқушылардың саны	Жауаптары
1	6	Тарихи турдың қызығушылықты оятуы, мұғаліммен терең қарым-қатынастың орнауы
2	8	Тарихи турдан соң оқушыларға өз шығармашылық ойларын ашуға мүмкіндіктер көп ұсынылды. Мысалы, тур туралы эссе, реферат, слайд жұмыстарын жасау
3	5	Қосымша ізденістер, мұғалімнің талаптары және оқушылар арасындағы өзара бәсекелестік
4	5	4 жартыжылдықтағы пән тақырыптарының қызықты болуы, сабақты ынталандыру жұмыстарының жоғары болуы және ата-ананың ақыл-кеңестік жәрдемдері

Жоғарыдағы анкетадағы оқушылардың жауаптарын өзара ұқсас типтеріне байланысты топтап көрсеттік. Жауаптарға талдау жүргізу олардың 4 жартыжылдықтағы үлгерімдерінің аталған пәндер бойынша артуына тарихи-мәдени турдың тигізген әсерінің зор болғандығын көреміз. Бұл бағытта 24 оқушының 14 оқушысы тарихи турдың қатысы барлығын нақты көрсеткен. Осыған қарай отырып, тарихи-мәдени туристік клубтардың мектептерде үйлесімді қызмет атқаруы бірнеше нәтижелерге қолжеткізетіндігіне көз жеткізеді. Тарихи турлар оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырады, патриоттық сезімге тәрбиледі шындайды.

Талқылау.

Оқушының тарихи санасына үңілгенде ең бастысы - оның қоршаған ортамен байланысына жан-жақты зерттеу жасау қажет. Кімді де болса біржақты мақтау немесе біржақты қаралауға жол беру, ғылыми шынайы мазмұнын ашуға кедергі болады. Кейбір зерттеушілер жеке тұлғаларға тарихи баға беруден тартынады. Олардың пікірінше тарихи тұлғалардың кемшіліктерін айыптаудан пайда жоқ. Ал кейбір ғалымдар бұл миссияны үлкен құлшыныспен атқарып, тым асыра сілтеп жібереді [2, 105]. Тарихи таным – шексіз десек, оны игерудегі ғалымның диалектикалық дамуы даңғыл жол емес екендігі белгілі. Демек, таным жолындағы жансақтық үшін, егер ол қоғамда қолайсыздық туғызатындай болса, кешірім сұрауға болады. Ал ақиқаттың жолы бөлек. Әйгілі ойшыл айтқандай – Платон менің досым болса да, ақиқат одан да қымбат емес пе?

Әдіснамалық сипаттағы қателік болатын екінші тұжырым да ғылыми танымға көрік бере қоймайды. Бұндай тәсілдер ақиқатты ашпайды, қайта оған көлеңке түсіреді. Кеңестік кезеңде ұлтымыздың қайраткер тұлғаларының бірқатары өз дәрежесінде әспеттелгені қандай рас болса, сол кездегі ағымға қарсы болуы немесе іздеушісі болмауы салдарынан көптеген тұлғаларымыздың өмір сабақтары көлеңкеде қалып қойғаны дәл сондай ақиқат. Соңғыларын толық түгендеп болмай, тұлғатануымыз тұтас жазылады деудің өзі артық [3, 89].

Кез-келген халықтың ұлылығы сол халық санының көптігімен өлшенбейді, біртуар тұлғаларының көптігімен ерекшеленеді. Әр дәуірдің мәні де, ерекшелігі де жеке тұлғалар арқылы анықталады. Тарихи-

мәдени тұлғаларды зерттеу ізденістерінің басты міндеті – тұлғаға қатысты маңызды мәліметтерді жинастыру, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай, танымал туындыларының жазылу жайына байланысты өзге де тың мәліметтер жинау және оны уақтылы қағазға түсіріп, мұрағаттық құнды дерек көзіне айналдыруды жолға қою екендігі сөзсіз.

Еліміздің өткен кезеңдерегі рухани дүниесін, әйгілі тұлғалары арқылы тану мүмкіндігі енді туа бастады. Ұлттың әйгілі тұлғаларын тарихпен шендестіре танып-түсіну, ең алдымен – ғылыми ақиқаттың айтыла бастауының жемісі. Ілгері буын бастаған өнегелі істер кейінгі буын арқылы жалғасын тауып жатса өмірдің бағасы арта түспек, ұлттың төлтумалылығы орнықты болмақ, адамдардың жан жүрегіне сенім мен мақтаныш сезімі ұялап, жасампаздық рухы салтанат құрмақ. Мұның бәрі өз кезегінде ұлттың мәдени-рухани ілгерілеуіне кепіл болуға тиіс. Болашақ тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар [6]. Сондықтан кез-келген мемлекет мәдениеті мен тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес. Оның үстіне, тарихтың өзі де кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі.

Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген» [4, 36] деуі тегін емес болатын.

Адамзат мәдениетіндегі ұлы тұлғалардың даналықтары заманның ортақ байлығы, таусылмас қазынасы деуге болады. Ол – ескірмейді және ұмтылмайды. Асқар тау алыстаған сайын биіктеп, адамдарға жарқын болашақты көрсетіп, жөн сілтеп отырады хақ.

Қазақстанның рухани байлығын әйгілі тұлғалар арқылы толықтыру мүмкіндігі – тәуелсіздік жемістерінің бірі. Ұлы тұлғалардың өмірлік қызметінің тәжірибелері, қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру факторларының бірі болып табылады [5].

Тарихи-мәдени тұлғалар тек тарихты жасап қана қоймай, сонымен бірге сол қоғамның мәдени құндылықтарын, адамгершілік принциптері мен дәстүрлерін бойында сақтап, оның жетекшісі бола білген жағдайда ғана ерекше мәнге ие болмақ. Адамзат баласы өткен тарихын жадында сақтап, одан сабақ алу қажет.

Қазіргі таңда Қазақстандағы тұлғатаным мәселесі кең өріс алып, жаңа бағытқа түсудің алдында тұр. Еліміздің көптеген жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу орталықтары ашылып, тұшымды жұмыстар атқарылуда. Талантты тұлғаларды зерттеп-зерделеу – үлкен міндет, адами парыз.

Қорытынды.

Жұмыстың нәтижелерін қорытындылай отырып, тарихи туризмнің Қазақстанның білім жүйесіндегі тәрбиелік-патриоттық, білім үлгерімі және мамандық таңдау факторларына ықпалының деңгейін эксперименттік жұмыстар арқылы талдадық. Жұмыстар нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың тарихи-мәдени нысандарға туристік сапарлары олардың шығармашылық ойлау қабілеттерінің жетілуіне айтарлықтай әсер еткен. Оқушыларда өзінің туған өлкесіне деген құрмет пен патриоттық сезімдер оянған. Сонымен қатар, оқушылардың сирек кездесетін бірақ мемлекеттік идеология мен қоғамның рухани-мәдени дамуында айрықша орындары бар гуманитарлық мамандықтарға деген қызығушылығы оянған. Практикалық маңызға ие туристік танымдық саяхаттар оқушылардың тарихи-мәдени қабаттармен тікелей байланысқа түсуіне жол ашып, Қазақстан тарихы, география, өлкетану пәндерін дұрыс түсінуіне жағдай жасады. Бірқатар оқушылардың гуманитарлық пәндер бойынша үлгерімі артып, ол жалпы сыныптың үлгерім дәрежесіне үлесін қосты.

Мақаланың зерттеу нәтижелері Қазақстанның білім беру үрдісінде жаңашыл идеялардың пайда болып жатқандығын көрсетті. Оның алғашқы әсерлері өзінің нәтижесін беруде. Қазақстанның білім беру моделі кеңестік кезеңнен мұраға қалған теориялық принциптен батыстық практикалық модельге көшудің жүйесін қалыптастырды. Ендігі міндет оны одан әрі жетілдіру және нақты нәтижелерге қол жеткізу болып табылады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. -22
2. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы. Қазақ университеті, 1999.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2000.
4. Сейітов С. Ой керуені. – Алматы: Кітап, 2007.
5. Әбдіманұлы Ө. «Ақтаңдақтар» ақиқатын айтқан // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. - 1997. - № 9. – Б. 18-26.

6. Әділханова Ж.С. XX ғ. 60-90 жылдарындағы әдебиеттану ғылымы: С. Сейітов зерттеулері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 162 б.
7. Аманжолова Д.А. Советское притяжение: историческая литература Республики Казахстан о советском веке // Прошлый век. – 2013. - № 2. – С. 28-35.
8. Мусагулова, А.Б. Қазақстандағы идеологиялық цензура тарихы (XXғасырдың екінші жартысындағы Республика тарихының өзекті мәселелері бойынша). – Алматы: ҚазҰУ, 2014.
9. Каипова Б. История политической цензуры в Казахстане (1929 -1956): автореф. ... канд. ист. наук.: – Астана, 2002.- 30 с.
10. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар (әдебиеттану сын әлемі) төртінші кітап. - Алматы: «Қазығұрт», 2003. - 95 б.
11. Капаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-1991-гг.). – Алматы: «Атамұра, 2004. – С. 219-220.
12. Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. Кеңес және тәуелсіз Қазақстан дәуірі. – Алматы: «Дәуір», 2009. – 17 б.
13. Забих Ш.А. Публицистическая и журналистская деятельность Алихана Букейханова: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2002. – 29 с.
14. Мамардашвили М. К. Мысль под запретом //Вопросы философии.- 1992. - № 4. - С. 110
15. Аймермахер К. Политика и культура при Ленине и Сталине. 1917-1932 гг. – М., 1998. – 465 с.
16. Муканов А.Х. Основные пути повышения эффективности развития туризма в республике Казахстан. Научный журнал НИУ ИТМО. Серия «Экономика и экологический менеджмент». 2012. № 2 (16). С. 53-58.
17. Тлеубердинова А.Т., Салауатова Д.М. Институциональные условия развития туристской отрасли в Казахстане: анализ результативности государственных программ. Научный результат. Технологии бизнеса и сервиса, 2019. № 3. С. 11-16.
18. Исабаев Н.Ж. Туризм как фактор развития казахстанско-российских отношений (1991-2012 гг. Современные проблемы сервиса и туризма. 2013. № 1. С. 25-30.
19. Аманжолова Д.А. Историко-культурный туризм как фактор гуманитарного сотрудничества России и Казахстана // Казахстан и Россия: научное и культурное взаимодействие и сотрудничество. Отв. ред. Ш.К. Ахметова, З.Е. Кабульдинов, И.В. Толпеко, Н.А. Томилов. Астана-Омск: Полиграфия «Enter Group», 2013. С. 27–40.

References:

1. Ashimbaev S. Shyndykka syjispenshilik. – Almaty: Zhazushy, 1993.
2. Smagulov Zh. Kazak adebiettanu gylymynyn tarihy. – Almaty. Kazak universiteti, 1999.
3. Nurgali R. Kazak adebietinin altyn gasyry. Zertteu. – Astana: Kultegin, 2000.
4. Seitov S. Oi kerueni. – Almaty: Kitap, 2007.
5. Abdimanuly O. «Aktandaktar» akikatyn aitkan // KazUY Habarshysy. Filologiya seriyasy. - 1997. - № 9. – B. 18-26.
6. Adilhanova Zh.S. XX ғ. 60-90 zhyldaryndaғы әдеbiettanu ғыlymy: S. Seitov zertteuleri. – Almaty: Kazk universiteti, 2014. – 162 b.
7. Amanzholova D.A. Sovetskoe prityazhenie: istoricheskaya literatura Respubliki Kazahstan o sovetskom veke // Proshlyj vek. – 2013. - № 2. – S. 28-35.
8. Musagulova, A.B. Kazakstandagy ideologiyalyk cenzura tarihy (XX gasyrdyn ekinshi zhartyсындағы Respublika tarihyның ozekti maseleleri bojnynsha). – Almaty: QazYU, 2014.
9. Kaipova B. Istoriya politicheskoy cenzury v Kazahstane (1929 -1956): avtoref. ... kand. ist. nauk.: – Astana, 2002.- 30 s.
10. Ergobek Q. Arystar men agystar (adebiettanu syn әlemi) tortinshi kitap. - Almaty: «Kazygurt», 2003. - 95 b.
11. Kapaeva A. Kul'tura i politika (Gosudarstvennaya politika v oblasti kul'tury v Kazahstane vo vtoroj polovine 1940-1991-gg.). – Almaty: «Atamұra, 2004. – S. 219-220.
12. Kuandik E.S. Kazakstan tarihy. Kenes zhane tauelsiz Kazakstan dauiri. – Almaty: «Dauir», 2009. – 17 b.
13. Zabih Sh.A. Publicisticheskaya i zhurnalistskaya deyatel'nost' Alihana Bukejhanova: Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. – Almaty, 2002. – 29 s.
14. Mamardashvili M. K. Mysl' pod zapretom //Voprosy filosofii.- 1992. - № 4. - S. 110
15. Ajmermaher K. Politika i kul'tura pri Lenine i Staline. 1917-1932 gg. – Moskva., 1998. – 465 s.
16. Mukanov A.H. Osnovnye puti povыsheniya effektivnosti razvitiya turizma v respublike Kazahstan. Nauchnyi jurnal NIU ITMO. Seriya «Ekonomika i ekologicheskii menedjment». 2012. № 2 (16). S. 53-58.

17. Tleuberdinova A.T., Salauatova D.M. *Ínstitutsionalnye usloviya razvitiya turistskoi otrasli v Kazahstane: analiz rezultativnosti gosudarstvennyh programm. Nauchnyi rezultat. Tehnologii biznesa i servisa*, 2019. № 3. S. 11-16.
18. Isabaev N.J. *Turizm kak faktor razvitiya kazahstansko-rossiiskih otnoshenii (1991-2012 gg. Sovremennye problemy servisa i turizma*. 2013. № 1. S. 25-30.
19. Amanjolova D.A. *Ístoriko-kulturnyi turizm kak faktor gumanitarnogo sotrudnichestva Rossii i Kazahstana // Kazahstan i Rossiya: nauchnoe i kulturnoe vzaimodeistvie i sotrudnichestvo. Otv. red. Ş.K. Ahmetova, Z.E. Kabuldinov, Í.V. Tolpeko, N.A. Tomilov. Astana-Omsk: Poligrafya «Enter Group», 2013. S. 27–40.*